

Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұстау жүргізілетін табыс және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 шілдедегі N 776 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 622 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.15 № 622 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Заңының 126-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұстау жүргізілетін табыс және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

1 5

ш і л д е д е г і

N

7 7 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұстау жүргізілетін табыс және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің ТІЗБЕСІ

1. Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұстау осы тізбенің 2 -тармағында көрсетілген адамдардың кірістерін қоспағанда, ата-анасы алатын ақшалай (ұлттық және (немесе) шетелдік валютада) жалақының (ақшалай сыйақы, нәпақа) және өзге де кірістің барлық түрінен жүргізіледі, соның ішінде:

1) еңбеккерлерге нақты жұмыс істеген уақыты үшін немесе орындалған жұмыс үшін еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген белгіленген лауазымдық жалақыларды (ставкаларды) негізге ала отырып есептелген жалақыдан;

2) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген қосымшаақылар мен

үстемеақылардың барлық түрінен, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу қоры шегінде қаражатты немесе тиісті мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын үстемеақылардан;

3) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты және біржолғы сипаттағы сыйлықтардан (сыйақылардан), сондай-ақ материалдық көтермелеудің өзге де нысандарынан;

4) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңының 62-бабында көзделген өтемақыларды қоспағанда, ақшалай өтемақылардан;

5) демалыс уақытында сақталатын жалақыдан, сондай-ақ тек бірнеше жылғы демалыстарды қосқан жағдайда ғана пайдаланылмаған демалысқа төленетін ақшалай өтемақыдан;

6) комиссиялық сыйақыдан (штаттағы сақтандыру агенттеріне, штаттағы делдалдарға және басқаларға);

7) азаматтық заңнамаға сәйкес жасалатын және бір жолғы сипаттағы емес шарттар бойынша орындалған жұмыстар, ұсынылған қызметтер үшін алынған сомадан;

8) авторлық сыйақы сомасынан;

9) зейнетақы төлемдерінің барлық түрінен, Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңының 62-бабында көзделген жәрдемақыны қоспағанда, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыдан, атаулы әлеуметтік көмек сомасынан;

10) білім беру ұйымдарында оқитындарға төленетін стипендиялардан;

11) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен табыстардан;

12) мүлікті жалға беруден түскен табыстардан;

13) бағалы қағаздар бойынша түскен табыстардан және заңды тұлғаның мүлкін басқаруға қатысудан түскен табыстардан;

14) Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақтарда және Арал өңіріндегі экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін заңнамалық кесімдермен белгіленген еңбекке қосымшаақы төлемінен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.29 N 1307, 2010.09.01 № 859 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

2. Әскери қызметшілерден, ішкі істер органдары, прокуратура органдары, қаржы полициясы органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қызметкерлерінен, кеден органдарының лауазымды адамдарынан алимент ұстау қызметтік міндеттерді орындауға байланысты олар алатын төлемдердің мынадай

түрлерінен

жүргізіледі:

1) лауазымдық жалақыдан, әскери (арнайы) атақ бойынша берілетін жалақыдан (үстемеақыдан), сыныптық шенге қосымша төлемнен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыдан;

2) Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақтарда және Арал өңіріндегі экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін заңнамалық кесімдермен белгіленген еңбекке қосымшаақы төлемінен;

3) дүлей апатқа, өртке, мүлік ұрлануына, мертігуге, сондай-ақ бала тууға, жақын туыстары қайтыс болуына байланысты көрсетілген материалдық көмектен басқа, тұрақты сипаттағы материалдық көмек сомасынан;

4) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты және біржолғы сипаттағы және тиісті мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын сыйлықтардан (сыйақылардан);

5) тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын үстемеақылар мен қосымшаақылар сомасынан;

6) олар мертіккен жағдайда төленетін бір жолғы өтемақыдан, зиянды немесе қысылтаяң жағдайлардағы жұмыс үшін өтемақы төлемдерінен, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою кезінде экологиялық әсерден зардап шеккендерге төленетін ақшалай сомадан және бір жолғы сипаттағы басқа сомалардан өзге, ақшалай өтемақылардың барлық түрінен;

7) әскери-оқу орындары, арнайы оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) лауазымдық жалақысынан (стипендиясынан).

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662; 2008.11.18 N 1068, 2010.09.01 № 859 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.